



7-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ӘЛЕМ МУЗЫКАСЫНЫҢ ТАРИХЫ, 1-БӨЛІМ

Мұсылман әлеміндегі музыкалық
білім негіздері





Кітап: Әлем музыкасының тарихы, 1-бөлім

Дәріс: Мұсылман әлеміндегі музыкалық білім негіздері

Дәрістің мақсаты: «Музыкатуану» термині кең мағынада сөйлеу және жазу арқылы берілетін музыкалық пәндерді білу, сондай-ақ ырғақтың, әуеннің және қозғалыстың көмегімен зерделенетін және есте қалатын білімді білдіреді. Тұтастай алғанда, екінші санаты, әншілердің, аспапшылардың және бишілердің практикалық білімдерін, сондай-ақ поэзия, аспапты музыка мен би арқылы берілуі немесе жетуі тиіс құндылықтар мен идеяларды қамтиды. Бұл тарауда мұндай кең көзқарасты пікір жоқ. Автор біздің дәуіріміздегі сегізінші және он төртінші ғасырда араб, парсы жазбаларында қалыптасқан музыка туралы басты идеяға назар аударады.

Кейбір шығармалар ең бірінші теорияға қатысты. Кейбіреулері араб тілінде ән салу өнерін және ғылыми музыка (грек тілінен аударғанда мусики немесе мусика) пәнін қарастырады. Оның барлығы жалпылама адамның еңбегі мен жетістіктері ретінде қаралған. Музыка ғылымы мен ән айту өнерінің басты бағыты - тональдік қарым-қатынастарды үйлестіру (грек, *harmoma*), құрылым мен орындалудың, реттелген қозғалыс (грекше оны ырғақ) пен тілдің үйлесімділігі қарастырады. Мұсылман жазушылары музыка және ән туралы гректердің пікір таластары олардың мәдениетіне тікелей қатысы барын мойындаған. Сонымен қатар, мұсылман философтарының Платон және Аристотель еңбектерімен танысуы, музыка мен поэзияның табиғаты туралы әрі қарай ой жүгіртуге қуатты серпін берді.

Сонымен Әдеби және сөз сөйлеу жанрларын қарастырайық –

Осы зерттеулердің бағыты мен білім түрі орта ғасырлардағы алғашқы тракттардан бастау алды.

Исламның бастапқы ғасырында араб музыка шығармалары үш қағидаға негізделген. Зерттеулердің негізгі бағыты; музыканы математика бөлімі ретінде қарастыру, музыканың туындауы әдеби шығарманың негізгі тақырыбын құрауы, яғни арабша еңбектерде оны адаб, деп атады, және тыңдауды алуан түрлі діни бағдарлар тарапынан қарастырылуы қамтылады.

Жұлдызнама, астрономия, математика және медицина сынды зерттеудің саласында бар білімді меңгеру, ортағасырлық грек (пахлави), сирия және басқа да тілдердегі мәтіндермен жұмыс істей алатын бірнеше буын ғалымдар мен аудармашылардың күш-жігерін талап етті. Сегізінші ғасырдың екінші жартысынан бастап оныншы ғасырға дейін осы істің орталығы жаңа Аббасид астанасы Бағдат болды.

Математиканың бір саласы болған музыка және философия үшін де араб тіліне аударылған грек мәтіндері жұмыстың жалғасуына қажетті негізді қамтамасыз етті. Олар сондай-ақ, гректің *musiqi* пәні мен жергілікті теория және арабтарпен қоса көрші халықтардың тәжірибесінің ұқсастығы мен айырмашылығы секілді ой-пікірлерді қамтыды. Бұл аудармалардағы пайда болған техникалық терминология, мысалға Евклидке таңылған зерттеу - *Sectio canonis* (монохорд), машықтанған музыканттардың лексикасынан өзгеше болды; Ал Әл-Фарабидің *Китаб аль-Мюзики- аль-Кабир* (Музыканың Ұлы кітабының) алдыңғы буын зерттеулерден айырмашығы - музыкалық практикамен терең танысуымен, сонымен қатар философия мен ғылыми әдебиетті терең игеруімен ерекшеленеді.

Зерттеудің әрбір бағыты әр түрлі жанрда жазылған. Музыканы математиканың бір тармағы деп қарастыратын бірнеше энциклопедиялық шолуларды атауға болады. Бұл - Мафатих Аль- Улум (ғылымның кілті) Аль-Харизми және араб тіліндегі Иршад Аль-Казид Ибн Аль-Ақфани. Сонымен қатар, Авиценнаның «Білім кітабы», «Джаме-ал-олум» (Ғылым жинағы) Фахр ад-Дина Рази және парсы тіліндегі «Доррат аль-Тадж» (Тәж інжуі) Котб ад-Дина Ширази. Соңғы аталғаны математикалық, филологиялық және сопылық ғылымдармен шектелген. «Теориялық» (назари) және «тәжірибелік» («амали») субъектінің тармақтары толығымен музыкаға арналған трактаттарда («ризала», «үндеу» деп жиі аталатын) әр түрлі дәрежелі салмақты алады.

Adab жолы деп жіктелетін хаттар билеушілердің көмекшілері мен басқа да сарай қызметкерлері үшін пайдалы деп танылды. Мысалы, Икд әл-Фаридте («Бірегей алқа») оныншы ғасырда Кордова сарайында әрекет еткен Ибн Абд Раббидің еңбегі болды. Атақты музыканттар туралы өте бай дереккөз араб өлеңдерінің жинағында орын алған. Олар музыкаға сай ырғақпен жазылған: *Китаб аль-Агани* (Өндер кітап) Абу'л-Фарадж аль-Исфакхани. Мұндай үлкен жұмысты пікірталас пен оқудан ондаған жылдар бойына жан-жақты жақсы білім алған автор ғана атқара алады. Музыканттардың өмірбаянын құрастыру жұмыстары барысында Аль-Исфакханның негізгі мұрагері Ибн Фадлалла аль-Умари, оның «Масдлик аль-Абсар» («Көрегендікке жол») еңбегінде ол *Китаб аль-Аганидан* 49 музыкант жайлы ақпаратты жаңғыртады.

Мемлекеттердің мәдени өміріндегі музыканың негізгі орны, бәріне ортақ тарих жасауда анықталды, мысалы, оны араб кітаптарында Мура сияқты атаулар енгізеді; Олардың қатарында Аль-Дахаб (Алтын көгал) Аль-Масуди және Мысалдар кітабы, Ибн Халдунның өзінің атақты Кіріспесімен атауға болады.



Мұнда автор адам қауымдастықтарының бірігуі мен ыдырау себептеріне ғылыми зерттеу жұмысын жүргізген.

Сама (рухани ниетпен тыңдау) заңдылығын қорғайтын және ресми музыканың және сопылық тарикат мүшелерінің қозғалысының мақсатын айқын сипаттайтын сабақтардан құралған.

Самының заңдылығын қорғайтын сабақтар (рухани ниетпен тыңдау), түрлі сопылық бұйрықтар мүшелерінің салтанатты музыкасы мен қозғалысы арқылы жүзеге асатын мақсаттардың айқын сипаттамаларын қамтиды. Бұл әдебиет қажетті дайындықтың маңыздылығын көрсетеді. Музыка шығару тыңдарманның рухани өсуіне септігін тигізуі тиіс. Ән орындау мен тыңдаудың заңды және заңсыз түрі Абу Хамида әл-Газалидің «Ихья альм» (Діни ғылымның жандануы) (1058–1111) және оның Кимия-йе-саадат (Алхимия бақыты) парсы трактатында мұқият жіктелген. Тыңдарманның және орындаушының мінезін реттейтін ережелер мен қалыптарға Адаб және сама әдебиеті айрықша мән беріледі. Негізгі болжам, музыкалық мағына қатысушылардың іс-әрекеттері мен мақамды орындау барысында туындайды.

Музыкалық білім табиғаты мен құндылығы туралы түсінік, өзге рухани немесе көркем пәндер құндылығы мен басқа оқыту салаларының салыстырмалы құндылығы туралы түсінікке байланысты қалыптасады.

Осы мәселелерді талқылаудағы негізгі тақырыптар, әр түрлі білім түрлерін қолдана білетін және қолданып жатқан адамдардың әлеуметтік рөлдерін қамтиды. Бұл, музыкалық білімді және оның бөлімдерін жеткізу үшін қолайлы деп саналатын бұқаралық ақпарат құралдары мен коммуникация жанрлары. Айтушы мен тыңдаушы, жазушы мен оқырман арасында алмасатын, жазба немесе сөздің әр жанры, белгілі бір білім түрін нұсқайды.

Ән мәтіндер жинағында әуен ырғағы (танка) немесе әр композицияның әуендік формасы келтірілуі мүмкін, сол арқылы әнді жатқа білмейтіндер тиісті формаларды білу арқылы мәтінге қолдана алады.

Бүкіл мұсылман әлемінде ауызша берілетін білімдер өз орындарын әрқашан ғылыми трактаттардан тауып отырған, осылайша беделі артып, ауызша педагогикада пайдасы жоғарылайды. Музыка жазу өзіне сөз жанрының қарама-қайшылыққа негізделген танымал түрлерін, афоризмдер, анекдоттар, қысқаша тізім мен бөлімдерді қамтиды. Фольклоршылар музыканттармен әңгіме барысында метафораны, тақпақ және әңгіме түрлерін тани алады.

Жазбаша түрде жазылған афоризм мен рубайлар, кейде нақты бір жағдайда айтылған пікір секілдес. Соның көрнекті үлгісі - үйлену тойына келген қонақтардың сөздеріндегі афоризмдері христиан дінін ұстанған несториан аударып, екі томды жинақ болып шықты. Сонымен қатар, ғалым Хунайн ибн Исхак (873ж.) және оның ұлы Исхак ибн Хунайн (ум. 910) Пәлсапашылардың Афоризмдері Кітабы, тағы бір Унсур аль-Мусичи (Музыка Элементі) кітабын жазған, бұл екі жазба бір «Булосқа» жатады.

«Булос» - бұл басты кейіпкерге елеулі жаңалықтар немесе жаңартпалар жазылған қысқаша әңгіме болып табылатын, ауызша және жазбаша қарым-қатынас үшін тиімді жанр. Аңыздардың бірінде Пифагор, тиісті салмақты ұста балғалары үйлесімді ара-қашықтықтарды (интервалдарды) береді деп есептеген, осының арқасында Басралық Аль-Халл (791ж.) он алтылық поэтикалық өлшемнің талдауы мен типологиясын бастады.

Омәйд халифасының (р. 661-750) сарайында идиомаға айналған византия, сирия және парсы музыкасының таңдаулы қырын қабылдау, 715 жылы қайтыс болған екі әншінің Ибн Миша және Ибн Мухриздін саяхаттары туралы есептерінде өте жақсы суреттелген. Көп уақыт бұрын немесе жақын арада өткен танымал тұлғалардың ірі инновациялық енгізулері жайлы әңгімелері құрастырылып, бүгінгі күнге дейін жетіп отыр.

Орта және Таяу шығыс шығармалары негізінен көп бөлінен құралды, және бір емес бірнеше ладқа негізделетіні аян. Міне еуропалық музыкадағы Циклді, тармақты шығармалардың пайда болуы шығыстан басталғандығын ескерткен жөн.

Бұл белгілі бір музыканттың, орындаушының қолданатын жеті-сегіз құрылымы немесе әдістер жиынтығын құрайтын жүйе, жеті әннен тұратын цикл болуы мүмкін. Сегізінші ғасырда өмір сүрген танымал әнші Мабалд құрастырған жеті негізді ән циклы, Ибн Сурадждың (726ж.) мұрагерлері тәрізді басқа да сарай музыканттарымен қабылданып, жеті әнді циклдың үлгісін құрады.

Музыкалық ресурстар жеті немесе сегіз түрлі құрылымдық жүйе ретінде жақсы ұйымдастырылғанына деген сенім, сегізінші және тоғызыншы ғасырларда Батыс Азияда кеңінен таралды

Философ Аль-Кинди араб музыкасының сегіз ырғақты түрін Персияның исламға дейінгі модусты жүйесімен салыстырған жетістік деп есептеді. Басқа авторлар әнші Барбадтың жеті «патшалық гунын», аль-турук аль-мулукия айрықша атап көрсетеді. Сонымен қатар, византиялық октоэх, «сегіз гун» (устухусия



және аль-алхан аль-тамани араб тілінде Аль-Кинди), ойға қонымды-қонымсыз дыбыстырдың барлығын, тіпті есектің ақырғаны мен жылқының кісінегеніне дейін, тегіс қамтитын жүйе деп қарастырды. Бұл тұрыжырым Аль-Киндидің араб ланымен (табл. alhan) грек термині «жаңғырық» немесе «дауысты» теңестіруден туындаған. Лан «әуеннің» жалпы термині болып қабылданғанға дейін, интонацияны немесе араб тілін бұзатын қарапайым адамдардың сауатсыздығын білдірген.

Төрт, жеті, сегіз немесе он екі тармақтардан тұратын циклдар, осындай санды жазбалары бар басқа циклдармен оңай сәйкес келеді. Оныншы ғасырдың екінші жартысында жазылған Аль-Кинди және «Ихван аль-Сафа» («Таза ағайындылар») сынды ғалымдар уд аспабының төрт ішегін табиғаттың бірнеше құбылыстарымен: жыл мезгілдері, сопақ доға, тәулік уақыты, жанның қабілеті, тіпті поэтикалық жанрлармен байланыстырады. Кейбір ұқсастықтар аллегория түрінде көрсетілген (мысалы, лютияның ең жоғарғы ішегі отқа ұқсас), ал кейбірі метафора түрінде берілген (музыкалық аспаптың ішегінің ең жоғарғы дыбысы өттің ағысын жылдамдатып, жөтелді жеңілдетеді) деген жазуға шейін барып, қазіргі оқырманды қызықтырып тамсантуы мүмкін. «Ихван аль-Сафада» анықталған корреляциялар музыканттардың ауызша және жазбаша сөздерінде бүгінгі күнге дейін үнемі қайталанып отырады. Жеті түрлі жүйенің жазушылар мен музыка оқытушылары қабылдаған кескіндемесі, жеті «планетаны» және Адам атадан басталған жеті пайғамбар жолын суреттейді; он екі дыбысты жүйе көбіне жұлдызнама белгілерімен сәйкестендіріледі. Мұндай байланыстар музыкалық жүйенің түп тамырын терең ұғуға және музыкалық білімді зерттеушілерге үлкен алғыс сезімін ұялатады.

Орта ғасыр трактаттарында Қарама қайшылыққа негізделген дихотомиялар жиі кездесіп отырады. Міне, осы мәселеге аз маз тоқталып өтейік

Қарама-қайшылықтар мен дихотомияны (қосарлану) айла-амал арқылы жіктеу, көптеген музыка зерттеушілердің ауызша да, жазбаша да дәстүрінде іргелі ойы болып табылады. Жеке дыбыстар мен оларды қиыстыру көптеген тілдерде, «жеңіл» немесе «ауыр», «ашық» немесе «қара», «өтімді» немесе «жұтып алатын», «шағын» немесе «шашыраңқы» деп сипатталады. Дыбыстың динамикасын білдіретін салыстырмалы терминдер Фарабидің «Китаб аль-мусики аль-кабирінде» былай келтірілген, сафа «анық» және кудра «лас»; маласа «тегіс» және хуш «дәрекілік»; no'oto «жұмсақ» және shidda «күш» немесе salaba «берік».

Әл Фараби вокалдық орындаудағы пайда болатын әр түрлі қасиеттер туралы да айтады: «ылғалды», «құрғақ», «мұрын жол дыбысы» және «еріннің қабысуы» ауа тек мұрын жолымен өтетін zamm. Ол вокалдық музыканың дәлме-дәл сипаттамасы, дыбыс биіктігіндегі (хиддо, октава) айырмашылықтың шегінен шығуы тиіс деп санайды. Оптиканың геометрия түсінігімен шектелмейтіні тәрізді. Аль-Хасан аль-Катиб он бірінші ғасырда өзінің «Китаб камаль адаб аль-гина» («Музыкалық білімнің кемелдігі») кітабында Фарабдағы вокалдық тембрлер тізімнің бұрынғы зерттеушілеріне сілтеме жасап әрі оларды кеңейтіп, кітабының бір тарауында дауыстың жиырма бір түрін келтіреді.

Бейтарап нүкте, нөл «плюс» немесе «минус» мәндерінің ортасында болған кезінде, бинарлық қарсылық трихотомияға айналады. «Жоғарғы» және «төменгі» биіктіктер орталық тонға қатысты қабылданады, ал ұзақтықтар орталық мәнге қатысты «ұзағырақ» және «қысқарақ» болады. Бұл этос туралы ең негізгі құрылымды оқыту грек жазушыларына арқау болуы ықтимал. Грек ілімі мұсылман әлемінде және латын тілді Батыс елдерінде кейінгі дамудың басты дереккөзі болды. Жанның тиісті қозғалысы (хорокот а нофс), әуендік қаңқаның (оон) бір ғана түрімен көмкерілген өлең жолдары, сәйкес өлшемдік циклге немесе «өлшемге» (Ика) орнатылуы қажет. Қуаныш беретін Жылдам (Хаффо), меланхолия үшін баяу (Такила), асқақ, әдемі немесе мәртебеліні сезу үшін ұстамды өлшемдер қажет. Аль-Кинди осы үш жақты жіктеудегі бөліністі (Аksam) анықтайды, орталық тоннан жоғары немесе төмен қазғалыс сәйкесінше «өткір жақ» (Алнийб-ол-ахадд) және «өлі жақ» (алнийб-ол-афқал).

Аль-Кинди музыкалық тәжірибедегі әуеннің кеңейіп және жиырылуын адамның өміріне аса қажет ырғақпен, жүрек пен өкпенің кеңеюімен (Инбисат) және жиырылуымен (Инкибад) байланыстырады. Сонымен қатар барлық жаралған тәртіпке сай үрдіспен де байланысты: «Алла тағала кеңейіп ықшамдауды орындап отырады» (Коран 2: 245), делінген. Араб тілінде және грек музыка туралы жазбаларында да ортақ түсінік болып қалыптасқан, «ширыққан» немесе «қатты», «әлсіз» және «жұмсақ» айырмашылықтары тығыз байланысты. Ішектің тартылуының азаюы, ол беретін дыбыс қадамның әлсіздігін білдіреді, ал ішектің тартылуын күшейту арқылы алынған дыбыстар, салыстырмалы түрде «ширыққан» немесе «әлсіз» болып қабылданады, айырмашылықтар интервалдар арқылы берілуі мүмкін. Бұл мәселе тетраходтың басқа да түрлеріне қатысы бар.

Сізге «бес типологияны салыстыру» кестесі берілген. Соны анығырақ қарастырайық.



Тетрахордағы тұрақсыз дыбыстар «тығыз» орналасқан, адамның алдымен ширыққан немесе қаттыдан жұмсақ диатоникалық ладқа жүруі тәрізді, деп түсіндірген Аристоксен. Сосын ширыққаннан гемиоликалыққа және жұмсақ хроматикаға, Және, бәрінен ең жұмсақ энгармониялық ладқа өтіп отырады.

Б.з. екінші ғасырында өмір сүрген Клавдий Птолемей осы жіктеуді өз Гармоникасында сақтап, тон мен жарты тонды сәйкесінше «қатты» (синтоно) және «жұмсақ» (малакос) деп салыстырған. Ары қарай ол әуеннің характерін (этос) диастатикотерон (кенеюге бейім) деп салыстырмалы түрде «қаттыны» сипаттайды. Ал әуеннің салыстырмалы түрдегі «жұмсағы» - синактикотерон «жақындауға бейім» деп аталған.

Аль-Кинди бұл ұғымдардың жиынтығын қабылдап, «қатты» және «жұмсақ» салыстыруын негізгі және екінші дәрежелі дыбысқатарының үштен бір бөлік түрлерге бөлді: жалпы жеженің үштен бір бөлігінің бірінші сатысына қатысты негізгі бөлік – «күшті» (кавви), «қатқыл» (хашин) және «ер адамдікі» (мудхаккар), батырлықты сипаттайтын (шаджжаа); екінші дәрежелі дыбыстардың үштен бір бөлігі – «әлсіз» (накис) және «жұмсақ» (лайни), тыңдаушыны мұңнан арылтатын (ахжана) аталған. Кинди және оның мұрагерлері үшін қолжетімді әуен (талиф) нота, өлшемдік цикл және пьесаларды жіктеу, орындаушыға да және тыңдарманға да музыканың әсерін (афал) сипаттаумен тығыз байланысты.

Аристоксеннің және оның ізбасарларының қағидаларына сүйенген араб тілді теоретиктерінің грек теориясын дамытуы, күрделі нысандардың бірнеше түріне байланысты бейберекеттік тудырды. Гректің «синтез» термині араб тілінде та'лиф (латында compositio) болды, Кленоид, Аристоксен ұсынған теориясына жазған мазмұндамасында, өзі ейдә деп атаған жеті октаваның түрін атап өткен. Сонымен қатар Птолемейде дәл осы тізімді ұсынып, тоноі ұғымын ұсынса, бұл терминді Аристоксен мен Клеонид басқа мағынада қолданған. Гректің тоносының араб баламасы (тура мағынасында «Созу») танина (танинат) болған, шадд (қысып буындыру) «топтастыру» және лан «әуенді» мағынасын білдірді. «Лан» сөзінің көпше түрі, көптеген авторларға «musiq» сөзін бір ғана сөзбен, «әуендік модель» мағынасының түсіндірмесі болды. Екінші көпше түрі, лухун деп - «әуендік идиома» дегенді білдіреді.

Интервал, тетрахорд, октава, поэтикалық шумақ және метрикалық циклдар «дұрыс» немесе «тұрақсыз», «үйлесімді» немесе «диссонантты» деп есептеледі. Екі полюс те зерттеудің басқа салаларында өздерінің музыкалық байланысын сақтай алады, атап айтқанда грек дәрігері Херофилус (б.з.д.330-260) б.з. екінші ғасырында Галенмен пысықталған импульс түрлерін жіктеді. Дәрігерлер ұрпағы пайдаланған «Канунс фил-тиббе» («медицина каноны») адам импульсінің «музыкалық табиғаты» туралы ойлана отырып, Авиценна негізгі тонның интервалдар арасындағы үндестікті немесе диссонансты және әр түрлі «ырғақтық пропорциялы» (Нисба икайя) метрлік цикл аралық интервалымен тұрақты немесе тұрақсыз болуы мүмкін тізбекті импульстермен белгіленген уақыт аралықтары арасын салыстырады.

Пульстің музыкалық табиғаты мұсылман, иудей және христиан авторларына ортақ топос (категориясы) болды.

Міне, бүгінгі дәрісте Мұсылмандық Ренессанс аталған Орта ғасырлардағы араб және парсы тілді музыка ғылымының теориялық жетістіктерімен танысып өттік. Әрине, бұл жетістіктерді арабтар грек ғылымынан қабылдаса, өз кезегінде Ренессанс Еуропалық ғылым, әдебиет және жалпы мәдениетінің дүмпиімен жалғасты.

Дәріс тақырыбы бойынша қосымша ресурстар:

1. «Китаб аль-Канун», басылым. Э. Нойбауэра «Die Euklid zugeschriebene «Teilung des Kanon» (2004) грекше түп нұсқа мен түсініктемелермен «Хунайн ибн исак», «Китаб адаб аль-фаласифа»
2. Иуда Соломон аль-Харизи «Музыкалық үзінділер», И. Адлер (ред.),
3. Музыка жайлы еврей шығармалары, Мюнхен
4. Э. Вернер и И. Сонн (1975) «Иудей-араб әдебиетіндегі музыка философиясы мен теориясы», Еврей Одағының Жыл сайынғы колледжі
5. Bulos / Paulos, Kitab 'Unsur al-musiqi, Э. Каземи түсініктемелерімен,
6. Die bewegte Seele: Das spatantike Buch uber das Wesen der Musik, Араб-ислам ғылымының тарих институтының басылымдары, Исламдағы музыка жайлы ғылым, Франкфурттегі-Майн: Араб-ислам ғылымының тарих институты, (1999) Ф. Розенталь түсініктемелерімен
7. «Музыка жайлы екі грек-араб шығармасы», Американ философия қоғамының еңбектері, (1966):
8. Аль-Кинди «Китаб аль-Мусавитат аль-Ватарийя», «Муаллафат аль-Кинди аль-Муסיкия», Багдад
9. Risalafi'l-luhun wa'l-nagham, изд. З. Юсуф, Багдад: Матбаат Шафрк (1965);



Кітап: Әлем музыкасының тарихы, 1-бөлім

Дәріс: Мұсылман әлеміндегі музыкалық білім негіздері

10. Un ancien traite sur le 'ud d'Abu Yusuf al-Kindi, Израильдік шығыстану, (1974)
11. Рисала фи айза 'хабарийя фил-мушики, факс. и изд. Ма аль-Хифни, Каир: Матбаат аль-Ами, Farmer, Глазго Университетінің Шығыс қоғамының Еңбектері , (1957),
12. Шығыс музыкасының зерттеулері, Авиценна, Китаб оль-Шифа, Каир: аль-Дар аль-Мисрийя ли аль-Талль ва 'т-Тарджама (1966);
13. Брилл (1974) Kitab ol-Shifa ', ol-musiqa, З. Юсуф с А. Ф. Аль-Ахвани и М. А. Аль-Хифни, Каир:
14. Imprimerie Nationale (1956) Kitab al-Na музыка туралы, М. Эль Хефни, Musiklehre Ибн Сино басылым түсініктемелерімен, Берлин